



БҰЙРЫҚ

№

594-нел

Тараз қаласы

ПРИКАЗ

« 19 » 12 20 25 жыл
город Тараз

Қаржы басқарушыны тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Заңының 9 бабының 14) тармақшасына сәйкес, жеке тұлға Волченко Дмитрий Андреевичке қатысты сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы азаматтық істі жүргізуге қабылдау және қозғау туралы Жамбыл облысы Тараз қалалық сотының 2025 жылғы 15 желтоқсанындағы ұйғарымы негізінде: **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жеке тұлға Волченко Дмитрий Андреевичке (ЖСН 950925300204) қаржы басқарушысы болып Әділхан Сұлтанбек Әділханұлы тағайындалсын.

2.«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қаржы басқарушының міндеттерін орындау Әділхан Сұлтанбек Әділханұлына жүктелсін.

3. Қаржы басқарушы Әділхан Сұлтанбек Әділханұлы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы (Г.С. Джигитековаға) осы бұйрықты қаржы басқарушысы С.Ә. Сұлтанбектің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау басшының орынбасары Е.К. Керімовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Т. Сарсембаев